



**Егемен Қазақстан**

## Жамбыл мұрасы – ұлт руханиятының айнасы

Ел астанасында Жамбыл Жабаевтың 175 жылдық мерейтойы аясында жарық көрген 10 томдық жинақтың тұсаукусер рәсімі өтті. Іс-шараға Мемлекеттік хатшы Қырымбек Көшербаев, Мәдениет және спорт министрі Ақтоты Райымқұлова, депутаттар мен қоғам қайраткерлері, зиялы қауым өкілдері қатысты.



Жиын басында жаңа жинақтың әдеби-рухани маңызына тоқталған Мемлекеттік хатшы: «Ұлы жыраудың соңында қалған соқталы шығармаларын ұлттың игілігіне жаратып, келер үрпаққа жеткізу – біз үшін ұлағатты парыз, асыл аманат. Мерейтойлық жылы ақын шығармаларын насиҳаттап, халыққа жеткізуде республика көлемінде көптеген мәдени іс-шаралар жүзеге асырылуда. Солардың бірі Мемлекеттік комиссия қабылдаған шешімнің аясында жарық көрген осы көптомдықтар дер едім», деді.

10 томдыққа Жамбыл Жабаевтың өткен ғасырдың басынан бастап дүние салғанға дейінгі өлеңдері мен айтыстары, жырлары топтастырылды. Соңдай-ақ ақын шығармашылығына қатысты ғалымдардың ғылыми зерттеулері, көрнекті ақын-жазушылардың естеліктері енген. Айта кетейік, он томдықты құрастырған – жамбылтанушы Нагашыбек Қапалбекұлы.

«Бұл жинақ жамбылтануға қосылған үлкен үлес, халқымыздың рухани қазынасын молайтқан іргелі еңбек деп есептейміз. Жыр алыбы Жамбылдың бүкіл мұрасы, оның өмірі мен шығармашылығы туралы естеліктер мен ғылыми зерттеулер, Жамбыл библиографиясы тұңғыш рет толымды басылым ретінде жарыққа шықты», деген Қырымбек Көшербаев туындының қазақ руханиятына қосылған олжа екенін атап өтті.

Мемлекеттік тапсырыспен 30 мың данамен шыққан бұл жинақ республиканың кітапханаларына таратылады. Бұл туралы айтқан Мәдениет және спорт министрі Ақтоты Райымқұлова ақын мерейтойы қарсаңдағы жобаларды атап өтті.

«Биыл мамыр айында Беларусь, Әзербайжан елдерінде «Жамбыл» көркем фильмінің көрсетілімі өтті. Маусым айында Канадада «Жамбыл тойы – жыр тойы» атты деректі фильм көрсетілді. Сондай-ақ елімізде Жамбыл жылы жариялануына байланысты халықаралық қазақ-қыргыз айтысы өтіп, ел атынан қатысқан 8 ақынның ішінде Айбек Қалиев бас жүлдеге ие болды», деген министр ақынның таңдамалы шығармалары қыргыз тіліне аударылғанын, ақын шығармашылығын ғылыми зерттеу бағытында «Жыр алыбы» және «Ақын Жамбыл Жабаевтың шығармашылығы тарих айнасында» атты ғылыми-практикалық дөңгелек үстел ұйымдастырылып, «Жамбылға жаңаша көзқарас» атты мақалалар жинағы шығарылғанын айтты.

Жамбылды зерттеген ғалым, мемлекет және қоғам қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор Мырзатай Жолдасбеков ақынның әлемдік аренадағы орнына тоқталды. «Телегей-теңіз Жамбылдың жырлаған эпостары мен дастандарын қосатын болсақ, жүзден аса томға жүк болуы мүмкін. Соншама еңбекті ықшамдап, 10 томдыққа жинақтап, 30 мың данамен басып шығару – үлкен еңбек. Әсіресе, қазіргідей кітап тарағының азайған уақытында осынша тиражben шыққанына ерекше қуаныш отырмыз. Жамбылды зерттеген сайын тереңіне бата бересің. Ол табиғатынан жетім-жесірдің, көптің, жоқтың сезін сөйлеген адам. Жамбылға баға берген адамдар көп, бірақ соның ішінде ерекше екі асылды атауымыз керек. Оның бірі – Габит Мұсірепов. 1972 жылы Жамбылдың 125 жылдығында ол «Феномен – феникс» деген мақала жазды. Одан кейін ерекше баға берген – Мұхтар Әуезов», деді ғалым.

Сондай-ақ Жамбылдың ұлт тарихындағы атқарған еңбектеріне тоқталған Л.Н.Гумилев атындағы ЕҮУ ректоры, ҰҒА академигі Ерлан Сыдықов ақын мұраларын бүгінгі қоғамда қолданудың жолдарына тоқталды. «Жамбыл жай ақын емес, елдің генетикалық кодын жаңғыртқан, тарихи тұлғалардың есімі мен ерлігін, тарихи оқиғалардың мәні мен маңызын қалпына келтірген эпик ақын. Оның шығармашылығы ұлы даланың сан ғасырлық шежіресі мен трагедиясын сипаттайды. Ақынның биылғы мерейтойына келсек, ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев айтқандай, ұлылықтың тойы ұлт алдындағы ұлы міндеттің үдесінен шығудың жолын іздеуге ұмтылдыруға тиіс. Осы орайда білім саласындағы оқу бағдарламаларына Жамбыл шығармаларын енгізуің сабактасқан жүйесін жасауды ұсынамын. Одан кейін жыр алыбының мұрасын тек әдебиеттанудың нысаны қылмай, әлеуметтік-гуманитарлық ғылым саласының ортақ нысанына айналдыруымыз керек», деді ол.

Жамбыл шығармашылығын түркі халықтары арасында насиҳаттауда Халық-аралық Түркі академиясы бірқатар жобалар атқаруда. Осы орайда сөз алған

Түркі академиясының президенті Дархан Қыдырәлі ақын шығармашылығының мәні мен маңызын атап айтты.

«Кеше ғана Мемлекет басшысы «Ұлттық рухани жаңғыру» бағдарламасын ұлттық жоба ретінде бекітті. Жамбыл сол ұлттық рухани жаңғырудың өзегі – ұлттық кодты бүгінге жеткізуши, күллі түркі әлеміне ортақ тұлға. Ол есте жоқ ықылым заманнан бері сонау Йоллығтегін, Тонықөктен бастау алатын дәстүрдің сарын-сарқыты, елдікті, ерлікті жырлағанabyз жырау. Халық-аралық түркі академиясы да Президент жарлығынан кейін осы жылды – Жамбыл жылы деп жариялады. Қырғызстанда Жамбылға арнап ең үлкен айтыс өткіздік, шығармаларын қырғыз тілінде шығардық», деді.

Айта кетейік, жинақ құрастырушысы Нагашыбек Қапалбекұлының айтуынша, Жамбылдың алғашқы хатқа түскен шығармаларынан бастап бүгінге дейінгі үш тілде 4 томдық библиографиялық көрсеткіші дайындалған. Он томдыққа қазақшасы беріліп отыр. Бұдан бөлек Алматы облысы әкімдігі мен Жазушылар одағының бірлескен «Жамбыл әлемі» атты 30 томдық жобасы дайындалып болған. Ол осы айдың соңында жарық көрмек.